

«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Нусипова Гульнара Игенбаевнаның «Қазақ философиясының рухани-адамгершілік өлшеміндегі еркіндік құбылысы: дәстүрден жаңғыруға дейін» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

**СЫН-ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.  6D020100 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс зерттеу тақырыбы өзекті және автор диссертациялық жұмыстың мазмұнын ғылыми зерделеу арқылы руханияттың өркендеуіне елеулі үлес қосады деген ойдамын. Себебі, қазақ халқы үшін ғасырлар бойы «еркіндік» ұғымы өте маңыздылығы жоғары құбылыс болып келді. Автор мәселені философиялық тұрғыда талдап, теориялық және практикалық сипаттарда көрсете білген, сонымен қатар ғылыми зерттеу барысында қазіргі заманға қажетті маңызды қырларын ашып көрсете алған. Сондықтан рецензиялауға ұсынылған диссертациялық ғылыми жұмыстың маңыздылығына сараптамалық оң баға берілді.
3.	Өзі жазу принципін	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Жұмыстың мәтініне талдамалау жасау нәтижесінде автордың өзі жазу деңгейі жоғары деп бағаланды. Себебі, автор ойларын жақсы

		<p>тұжырымдап, әдебиеттерге берілген сілтемелерін барынша керекті жерінде орында келтіреді және сонымен қатар еңбектің мазмұндық тұсын баяндаудағы жазу стилі ғылыми-логикалық, дәлелді, дәйекті сипатта екені байқалды. Демек, автордың ғылыми зерттеу мекемесінде ұзақ жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі ғылыми мәселені жоғары деңгейде және дербес түрде жазуға біршама әсер еткені байқалды. Ойлары оқырманға түсінікті және қисынды деген пікірдемін.</p>
<p>Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  1) негізделген;  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі еркіндік мәселесінің тек философия тарихына қатысты ғана емес, сонымен қатар қазіргі тәуелсіз Қазақстан этноәлеуметтік кеңістігіндегі ахуалмен астастыра қарастырумен де байланысып жағатындығында. Қазақ халқы ғасырлар бойы ұлттық азаттық, дербестік, еркіндік мәселесін күн тәртібіне қойып келгенін автор айта келіп, оның заманауи кезеңге қатысты қырларын барынша өзектендіре білген. Әсіресе, рухани және саяси қауіпсіздік мәселесі тәуелсіздік тұғырын бекітіп жатқан елге маңызды екені анық. Сондықтан автор көтерген проблемалар ауқымы әр уақытта өзекті болып қала береді.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  1) айқындайды;  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны мен құрылымы негізінен диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Автор алдымен еркіндік ұғымының философиялық категориялық сипаттамасын алғашқы тарауда береді. Содан кейін халық тарихының дәстүрлі қоғамы кезеңіндегі еркіндік мәселесіне талдаулар жасайды. Соңғы тарауда Алаш құбылысын өзектендірген тарихи кезеңдегі қазақ зиялыларының еркіндік туралы пайымдауларына түсініктемелер беруге ұмтылған. Жұмыстың соңғы тарауында заманауи тарихи кезеңге сипаттама береді. Тақырып барынша философиялық зерделеулердің жалпы бағыты мен бағдары ұтымды айқындалғанын байқатты. Әрине, болашақта әлемді жаңғыртуға қатысты мәселелер кенінен қамтылады деген сенімдеміз.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  1) сәйкес келеді;  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның тақырыбына жұмыстың құрылымындағы мақсат пен міндеттер, олардың мәтінде айшықталуы толық сәйкес келеді. Жалпы жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес көптеген қырлары диссертация мәтнінде сәтті ашылып берілген екен. Әсіресе, қазақ философиясының рухани-адамгершілік өлшеміндегі еркіндік құбылысын қоғамның мәдени-тарихи дамуы аясында дәстүрлі мәдениеттен қазіргі заманға дейін ашылуының көрсетілуі талапқа сәйкес келеді. Еркіндіктің мәнінің объективтік және субъективтік қырлары тұрғысынан философиялық талдау жүргізуден басталған ғылыми баяндау тәуелсіз Қазақстан философиясындағы еркіндіктің бірқатар тұжырымдамаларына сыни талдаудан өткізілуімен қорытындылады. Осылар біздің жұмысты</p>



			<p>онды бағалауымызға негіз болды. Дегенмен, автордың тақырып бойынша болашақтағы терең және жан-жақты зерттеулерінің векторларын айқындауға батылырақ үн қатқаны да орында екенін айта кетеміз.</p> <p>Диссертацияның құрылымындағы барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда толық байланысқанын атап өтеміз. Барлық бөлімдер өзара тығыз байланысып, жалпы жұмыстың құрылымы мен мазмұны тақырыптың толықтай ғылыми сипатталуына мүмкіндіктер беріп отыр. Метінде келтірілген сараптамалық жұмыстар бір ғана маңызды мақсатқа нақты жұмыс істейді. Еркіндіктің қажеттілікпен тікелей астасып, жауапкершілік феномені арқылы өзінің биік деңгейіне жете алатындығы дұрыс айтылған. Сондықтан еңбектің ішкі біртұтастығы бар екенін ескере отырып оның жалпы құрылымдық сипатына оң баға береміз.</p> <p>Автор кеңестік дәуірде еркіндік мәселесімен терең және толыққанды айналысуға идеологиялық құрсаулар жібермегенін атап өтеді. Сол тарихи кезеңдегі философиядағы Алматылық диалектикалық логика мектебі ұсынған белгілі бір жетістіктерге қарамастан Қазақстан философиясында еркіндік мәселесімен көптеген зерттеушілер айналыспай келгенін атап өтеді. Бұл сыни талдаудың көрінісі. Тек тәуелсіздік кезеңімен бірге осындай күрделі мәселені жан-жақты айқындауға мүмкіндіктер ашылғанын, Алаш қайраткерлерінің сіңірген еңбектеріне шынайы бағалаулардың жасала бастағанын көрсетеді, сонымен қатар зерттеуде сыни талдау жүргізу үшін нақты тарихилық қағидатына сүйенген жөн екендігін автор дәйектеп береді. Автордың тұжырымдарымен және басты бағыттарымен негізінен келісуге болады. Сондықтан жұмыста автор тарапынан «сыни талдау бар» деген баға берілді.</p>
4.4.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:	<p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	
4.5	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	<p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	
5.1	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жана болып табыла ма?	<p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары «толығымен жаңа» болып табылады деп бағалаймыз. Әсіресе, дәстүрлі қоғамдағы халықтың еркіндікке ұмтылысын жырлаған ақын-жыраулар мен Алаш қайраткерлерінің еркіндік туралы айтқан тұжырымдарынан автор жаңа қырларды жақсы таба білген. Қазіргі ұлттық бірегейлігімізді бекітіп жатқан кезеңде тарихи жадымызда сақталған оң мағыналы рухани оқиғалардың тарихи маңыздылығын жаңадан өрнектеген түсініктер арқылы жақсы көрсете білген. Жұмыста автор «тарих дегеніміз тек оқиғалар мен деректердің құрғақ тізбегі ғана емес» екені көрсетіліп, ол адам мен қоғамның рухани және әлеуметтік даму эволюциясының көрінісі екендігін жақсы пайымдаған. Осы даму үдерісінде адамның субъектілігі маңызды рөл атқаратындығы және оның тікелей еркіндік құбылысымен астасып жағатындығын автор ғылыми нәтиже ретінде</p>
й	Ғылыми жанашылдық принципі		



	<p>жақсы айқындай алған. Қазіргі Жаңа Қазақстан бағдарламасын жүзеге асыру барысында «әділеттілік», «ашықтық» және «еркіндік» сияқты маңызды ұғымдардың өзара байланысып, әлеуметтік практикада жүзеге аса бастайтыны анықталған. Болашақ зерттеулерде автор осы мәселелерді барынша кең мәдениетпен, руханиятпен байланыстыра айқындай түскені жөн деген пікірдеміз.</p>
<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма?  1) толығымен жана;  2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары «толығымен жана» деген ойдамыз. Мәселен, автордың еңбегінде еркіндікке баламалы рухани күш ретінде ырық немесе жігер белсенділігінің ықпалы бар екендігі зерделеніп, ол адам болмысының ерекше қыры ретінде зерттеулер тарапынан танылғандығын зерделеу жұмыстың маңызды жетістігі деп бағалаймыз. Автор халық фолькоруынан еркіндікке қатысты көптеген ұтымды жаңа дәйектемелер таба білген. Сонымен қатар Алаш қайраткерлерінің мұрасындағы тәуелсіздіктің қазіргі Қазақстан жағдайында қатысты ойларды сәйкестендіре дамытумен, орнықтыруымен айналысу да оң бағасын алған жұмыстың сәтті қорытындысы. Әрине, еркіндіктің өзіне әртүрлі сипаттама беруге болады және оны ерекше құбылыс ретіндегі осал тұстары қандай екенін де болашақ зерттеулерде автор аша түседі деген үміттеміз. Диалектика заңдары бойынша кез келген құбылыстың сан қырлы тұстары болары анық. Сондықтан автордың осы бағытта таңдалған тақырыпты зерделеп, болашақта зерттеулерін әрі қарай жалғастырғаны орынды болар деген ойдамыз.</p>
<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?  1) толығымен жана;  2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);  3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері тұрғысынан гуманитарлық сала өнімдерін нақты бағалау қиындау, дегенмен диссертация мәнінде келтірілген барлық тұжырымдардың практикалық маңызы бар екенін айта аламыз және олар толық мәтінде өзінше негізделген. Жұмыстың жалпы ғылыми нәтижелері біршама қомақты және осыған орай олардың топтамасы рецензент тарапынан «толығымен жана» деген бағалауға ие болып отыр.</p>
<p>6. Негізгі қорытындыларды қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Диссертация мәтінінің мазмұны тақырыпқа барынша сәйкестендірілген екен және ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге сүйенілген және дәйектелген. Еркіндік құбылыс әлеуметтік өмірдің ерекшеліктері барынша сурьптаудан өткізіліп, оның еліміздің этноәлеуметтік құрылымындағы орны мен ролі философиялық мәселе ретінде айқындалған. Автор болашақта әлеуметтік саланың күрделі мәселелерін өзінің шығармашылық практикасында сыни зерттеу нысанына айналдырады деген ойдамыз.</p>
<p>7. Қорғауға</p>	<p>7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидаттар дәлелденген және</p>



	<p>шығарылған негізгі қағидағтар</p>	<p>беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?  1) дәлелденді;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?  1) ия;  2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) ия;  2) жоқ</p>	<p>ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор философия мамандығымен қатар жалпы гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдерді пәнаралық байланыс деңгейінде жұмыста қолдана білген. Әрбір қағидағ «дәлелденді» деген қорытынды жасалды.</p> <p>7.2 Жұмыс қағидағтары тривиалды, яғни үстірт түрде емес. Сондықтан, бұл жерде «жоқ» деген баға беріледі. Автор әрбір нәтижені тиянақтап, теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізіп ұсынғаны байқалды. Сонымен қатар, автор теориялық зерделеумен бірге әлеуметтік практикаға шығудың жолын іздейді, көбінесе әлеуметтік процестермен зерттеу мәселесін байналыстырады.</p> <p>7.3 Негізгі қағидағтардың барлығына «жана» деген баға берілді. Жалпы жұмыстың жаңашыл қағидағтарының жалпы саны сегіз екені байқалды. Бірінші қағидағ адам тағдырының ырық еркіндігіне айналу құбылысын дәйектеуден басталады және бұл әлеуметтік ғылымдағы ерекше көзқарас екенін атап өтеміз; екінші қағидағ – еркіндіктің мән-мағынасын ашудағы объективизм мен субъективизмнің ерекшеліктері сарапталып, оның субстанционалдықтың орны анықталады; үшінші қағидағ – еркіндік пен қажеттіліктің байланысы сыни талдаудан өткізіліп, ескі көзқарастарға жанаша зерделеулер жасалады; төртінші қағидағ – қазақтың дәстүрлі қоғамындағы еркіндікті аксиологиялық бағалау және дәріптеу үлгілерін ұлт фольклоры аясында зерделенді; бесінші қағидағ – қазақ ағартушылық кезеңінде қалыптасқан философиялық ойдың мазмұны мәдени және саяси еркіндік қисынында сараптаудан өткізілді; алтыншы қағидағ – қазақ зиялыларының рухани мұрасындағы прогрессивті идеялар зерделеніп, өзінің дербестігі жоқ ел үшін саяси еркіндік ерекше мағынасы болғандығы көрсетілді; жетінші қағидағ – кеңестік кезеңдегі еркіндікке қатысты теориялар сыни талдаудан өткізілді, сонымен қатар сол кезеңнің өзінде категориялардың түптамырын зерделеумен қатар құндылықтардың трансформациялануы, айқындалуы философия саласында жүре бастағаны байыпталды; сегізінші қағидағ – қазіргі тәуелсіздік кезеңнің де өзіндік қайшылықтары көрініс бергенін саяси әділеттілік пен мораль философиясы тұрғысынан, өмір қажеттіліктері тарапынан дәйектеп берілгені байқалды. Жоғарыдағы негіздерге байланысты осы бапқа «Иә» деген баға берілді.</p> <p>7.4 Қағидағтардың қазіргі ғылым мен білімнің дамуында, әлеуметтік ортада қолдану бойынша «кең» деген баға берілді. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін гуманитарлық пәндердің, яғни философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет саласында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында толық пайдалануға болады. Сондықтан</p>
--	--------------------------------------	---	---



		<p>рецензент тарапынан бұл бап «кең» деп бағаланды. Әрине, тақырыпқа қатысты жоғары мектеп саласында арнайы әдістемелік материалдарды жинақтап беру автор үшін болашақтың ісі деген ойдамыз.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары отандық және кейбір шетелдік жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, талапқа сай сынақтан өткен деген пікірдемін. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген екен. «Скопус» тізіміндегі журналдарда автордың мақаласы жарияланған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар талаптарға жауап береді. Сондықтан бұл пунктке «Иә» деген баға берілді.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Жұмысты орындау барысындағы әдістеме тұрғысынан автордың ғылыми кеңесшілер тарапынан жақсы кеңестер алғаны байқалып отыр. Философия тарихы мен әлеуметтік философияда қолданылатын көптеген ғылыми тәсілдер тақырыпты зерделеу барысында кеңінен қолданылғаны бақалды. Әсіресе, тарихи нақтылық принципі, салыстырмалы талдау, жүйелі талдау және т.б. әдістерді қолданулары байқалды. Сондықтан әдіснамасына қатысты талапқа «Иә» деген баға береміз.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Автор заманауи ғылыми әдістер мен деректерді тарихи-философиялық зерттеулер барысында жақсы қолданғаны байқалды. Автор компьютерлерлік тәсілдерді жақсы игеру арқылы зерттеу нәтижелеріне қажетті мәліметтерді ұтымды түсіндірмеулеу мен қорытындылауды жетістіктерге жеткен. Ғылыми нәтижелерді негізінен жақсы дәйектейді. Кейбір авторлардың нақты дәйексөздерін сыни талдаулардан өткізеді. Сондықтан бұл сала бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деген ойдамын.</p>
	<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысында келтірілген ғылыми тұжырымдамалар, зерттеу кезеңдері жалпы классикалық философияның тарихымен, қазақ халқының рухани тарихының жалпы эволюциясымен астасып жататыны байқалды. Автор өзінің теориялық ойларын барынша практикаға жақындатуға тырысады. Мәселен, қазақ халқының тарихындағы еркіндікті көздеген тарихи тұлғалардың негізгі құндылықтық бағдары жеке бастың мүддесі емес негізінен халықтың қамы, болашағы екендігін баса назар аударта айтады, ғылыми дәйектейді. Сондықтан олардың тарихы қызметі кейінгі кезеңдер үшін, ұрпақ үшін маңызды болып қалғандығын дәлелдеуге талпынады. Бұл әрекеттерге «иә» деген баға берілді.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара</p>	<p>Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге сілтемелер жасау тұрғысынан алғанда әлемде еркіндік тақырыбына жарияланған ғылыми әдебиеттер біршама екені анық. Автор тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық</p>



		расталған / расталмаған	<p>авторлардың көптеген еңбектерін қамти алғаны байқалды. Кейбір сілтемелерге нақты алғанда автор тарапынан сыни түсіндірмелер де берілген. Диссертацияда келтірілген маңызды сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәйектеуге көмектесетінін байқауға болады. Әсіресе, отанымызда жарияланған көптеген еңбектер жұмыста орын алғаны байқалды. Дегенмен, этникалық болмыстың өзара қатынастарында кездесетін кейбір қайшылықтарды нақтылай түсу үшін еліміздегі этностар мәдениеті туралы сілтемелерді автор өзінің болашақ ғылыми еңбектерінде кеңейте түседі деген үміттемін. Себебі, ұлтаралық қатынастарға қатысты еркіндік мәселесі барынша өткірлене түседі.</p>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	<p>Зерттеу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпқа қатысты ғылыми әдеби шолуға негізінен жеткілікті. Автор еркіндік, этнос мәдениеті, ұлт болмысы сияқты күрделі ұғымдарға қатысты ғылыми әдебиеттерді жинақтай алған. Әрине, қазақ халқына қатысты тәуелсіздік жылдары жарық көрген кейбір еңбектер басымдық етеді. Демек, әдеби шолудың ауқымында заманауи кезеңге үлкен мән берілген. Автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін тарихи-философиялық еңбектерді де қамти алған деген пікірдемін.</p>
9	Практикалық құндылық принципін	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Себебі, еркіндік, азаттық, тәуелсіздік сияқты түбірі жақын ұғымдар әлеуметтанулық ғылымдардағы барлық теорияларға, тұжырымдамаларға өзіндік маңыздылығын сақтайды. Сондықтан теориялық маңызға қатысты бапқа сәйкес «Иә» деген баға берілді.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертация мәтінде келтірілген еркіндік құбылысына қатысты қорытындылардың практикалық маңызы зор және еліміздің әлеуметтік салаларының үйлесімдендіруде, демократияландыруда, мемлекеттік басқару ісінде қолдануға болады. Себебі, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бері кеткен кемшіліктерді жөндеп, жаңғырған елді қалыптастыру жолына түскені белгілі. Сондықтан осы мағынада бұл бапқа «Иә» деген жауап берілді.</p>
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Диссертация мәтінде өрнектелген практикалық ұсыныстарды «толығымен жаңа» деуге болады. Өйткені автор теориялық негіздегі ойларды айта келіп, жалпы мемлекеттік органдардың практикалық жұмысы мен жастарды тәрбиелеу бойынша практикалық іс-қимылдарымен жақын болуы керек екенін астастыра көрсеткен. Автордың ұсыныстары еліміздегі әлеуметтік және саяси қатынастарды үйлесімдендіруге, тәуелсіздіктің мәртебесін тұғырлай түсуге өзінің игі ықпалын тигізеді деген пікірдемін.</p>

